



# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№194  
(20668)



20 желтоқсан, сәрсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi\_kz/



www.instagram.com/syrboyi\_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi\_kz

## ПРЕЗИДЕНТ

### БАӘ ЕЛШІСІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БАӘ-нің Қазақстандағы елшісі Мұхаммед Саид Мұхаммед әл-Арикиді қабылдады.

Кездесуде бұған дейін жоғары деңгейде кол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы сауда-экономика саласы екіжақты байланыстардың басты бағыты саналатынын айтты. Бұл ретте екі елдің үкіметтеріне таяу келешекте саудасаттық көлемін 1 миллиард долларға дейін жеткізу міндеті жүктелгенін еске салды.

Сонымен қатар Президент Стратегиялық инвестициялық жобалар туралы бірлескен мәлімдемеге сәйкес энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика салаларындағы қарым-қатынасты одан әрі нығайтудың маңыздылығына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Әмірліктердің Masdar компаниясымен жаңартылған энергия көздері саласындағы бірлескен жобаларды ілгерілету бойынша ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын, сондай-ақ AD Ports Group және Terminals Holding компанияларымен бірлесіп көлік-логистика желісі мен әуе тасымалы қызметтерін кеңейтуді көздейтін инвестициялық жобалардың жүзеге асырыла бастағанын атап өтті.

Әңгімелесу барысында ақпараттық технологияларды дамыту бағытындағы ықпалдастық мәселесіне айрықша мән берілді.

Кездесу соңында Президент Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға зор еңбек сіңіргені үшін Мұхаммед Саид Мұхаммед әл-Арикиді II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

### КӨНІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге көңіл айту жеделхатын жолдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайдың солтүстік-батысында болған жер сілкінісі салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинге көңіл айтты.

«Еліңіздің Ганьсу провинциясында болған жойқын жер сілкінісі салдарынан көптеген отандастарыңыздың қаза тапқаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдадым. Осындай қиын сәтте Сізге және табиғи апатта жақындарынан айырылған отбасыларға көңіл айта отырып, Қытай халқының қайғы-қасіретіне қазақстандықтар ортақ екенін жеткіземін. Зізіала кезінде зардап шеккен жандар тез арада сауығып, із-түссіз жоғалған азаматтардың отбасыларына аман-есен оралуына тілектеспін» деп жазылған жеделхатта.

## ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

### ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет мәжілісінде авиация саласын дамыту, стихиялық қоқиқастарды жою мәселесі талқыланды.

Айнур БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Ведомство басшылары мен кейбір өңір әкімдері талқыланған мәселелер, алдағы міндеттер туралы хабарлама жасады.

Үкімет жанынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізді.

Бүгінде «Қорқыт ата» әуежайы арқылы аптасына 22 рейс тұрақты орындалады. Оның ішінде Астана қаласына 12, Алматыға 10 рейс қатынайды. Қазіргі кезде Өтеміратов қорының демеушілігімен облыс орталығында жана терминалдың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Құрылыс жұмысының 85 пайызы аяқталды. Әуежай аумағын абаттандыру, жарықтандыру жұмыстары бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсы өтуде. Бұл жұмыстарға облыстық бюджеттен 4 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген. Аймақ басшысы алдағы жылы пайдалануға берілетін «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалында халықаралық және басқа облыстарға рейстер ашылуы керектігін ескертті.

2-бет

## САПАТ

### СЫРДАРИЯДА 80 ОТБАСЫ ҚОНЫСТОЙ ТОЙЛАДЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданына жұмыс сапары кезінде 80 отбасыға баспана кілтін табыстау рәсіміне қатысып, тұрғындарды құттықтады. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Егемен елімізді одан әрі дамыту – алдымызда тұрған басты міндет. Біз осы жолда аябай еңбек етуіміз қажет. Сонда ғана Қазақстан қуатты мемлекетке айналады» деген болатын.

Баспаның қолжетімді ету – Мемлекет басшысының тапсырмасымен Үкімет пен об-

лыс әкімдігі тарапынан жүзеге асырылатын басты стратегиялық жоспарлардың бірі. Жыл сайын аймақта қолданысқа берілген тұрғын үй көлемі артып келеді. Биыл 4170 пәтерлік 300 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде 2500-ге жуық пәтер өз иелеріне табысталып, 11 мыңнан астам жерлесіміз жайлы үйге қоныстанды. Халықтың

әлеуметтік осал топтары үшін 1000-нан астам пәтер сатып алынады. Бұған дейін Арал, Қазалы, Жанакорған, Шиелі, Жалағаш аудандарында 300-ден астам отбасы баспана қуанышына кенелді. Бүгін Сырдарияда 80 отбасы қоныс тойын тойлайды. Бұл – тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдаудың нақты көрінісі, – деді аймақ басшысы.

Рәсімде Қызылорда қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев пен мәдениет саласының ардагері Сандыбай Садуақасов баспана кілтін алған тұрғындарды құттықтап, бата берді. Сондай-ақ үй құрылысын салуға атсалысқан жеке кәсіпкерлер және кенттің дамуына үлес қосқан азаматтар марапатталды.

Жаңадан салынған 40 үйдің әрқайсысында 2 пәтерден бар. Пәтерлердің жалпы алаңы 65 шаршы метр, құрылысы биыл мамыр айында басталған болатын.

Айта кетейік, биыл аймақ бюджеті өткен жылмен салыстырғанда 57 пайызға өсіп, 609 млрд теңгеге жетті. Сырдария ауданының бюджеті 11 млрд теңгеден асты. Бұл ауқымды қаражат аудандағы кезек күттірмейтін түйткілдерді шешуге, тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталды. Биыл республикалық және облыстық бюджеттен 38,5 млрд теңге бөлініп, 671 шақырым жол жөндеуден өтті. Осылайша облыстағы жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 87,5 пайызға жетті. Сырдария ауданындағы 72 шақырым жолды жөндеуге 3,4 млрд теңге бөлінді. Келесі жылы сапалы жолдардың үлесі 92 пайызға жетеді.

Биыл 12 ауылдық елді мекенге газ кіргізілсе, келер жылға қаралған 4 млрд теңгеге тағы 12 елді мекен «көгілдір отынмен» қамтылмақ. Оның ішінде 962 млн теңгеге Сырдария ауданының Сәкен Сейфуллин және Асқар Тоқмағамбетов ауылдық округтеріне газ тарту жұмыстары басталды.



Суретерші: Мұсағалиев Есетбай



### ЖОЛ АЙРЫҒЫ ЖӘНЕ ЖАҢА КӨПІР



Тәуелсіздік күні аясында Қызылордада жаңа жол айрығы мен жауа жүргіншілер көпірі ашылды деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс әкімінің орынбасары Данияр Жаналинов нысандардың ашылу рәсіміне қатысып, қала тұрғындарын құттықтады. Сырдария өзенінің сол жағалауындағы бас көше жолының «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодөлізімен қосылатын тұсында жаңа көлік айрығы пайдалануға берілді.

– Тәуелсіздік күні қарсаңында облысымызда жаңа әлеуметтік нысандар ашылып, тұрғын үйлер, көпірлер пайдалануға берілуде. Міне, бүгін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодөлізі бойындағы жол айрығына салынған жаңа көпір ел игілігіне табысталады. Көптен күткен қуаныш құтты болсын! Жаңа көпір жақсылықтың жалғасы, жанашыл істеріміздің бастамасы болсын! – деді Данияр Ереңғалиұлы.

Айта кету керек, бұл жобаның құны – 5,7 млрд теңге, сол жағалауды көлік ағыны еселеп өскен халықаралық маңызы бар автокөлік трассасымен қауіпсіз және үздіксіз байланыстыру үшін салынған. Қызылорда қаласындағы тағы бір жанаалық – құрылысына 268,1 млн теңге жұмсалған Г.Мұратбаев және Яссауи көшелері қиылысындағы теміржол арқылы өтетін жауа жүргіншілер көпірінің ашылуы. Ұзындығы 55 метр аспалы көпірді «Гүлнұр МК» ЖШС салды.

## МЕРЕЙ

### ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария, Жаңақорған аудандарының Құрметті азаматы Әнуарбек Қалтаевты және ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Әбдіғалпай Әміргалиевті 75 жас мерейтойымен құттықтады.

– Сыр өңірінде адал еңбек етіп, халықтың құрметіне бөленген жандар жетерлік. Парасат биігіндегі ардақты азаматтарымыздың арқасында әрқашан бекем біріктіңіз, тату тірліктің үлгісін көрсетіп келеміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Түркістан қаласындағы Ұлттық құрылтайда «Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Нағыз еңбек адамы бұл – істің адамы, яғни әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат. Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс» деген болатын.

Біз адал қызмет атқарып, саналы ғұмырын аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына арнаған, елдің қошеметіне бөленген өздеріңіздей азаматтарға лайықты құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырып, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Еңбек ардагерлерінің мерейтой иелеріне Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Еңбек ардагерлерінің Жаңақорған, Шиелі, Сырдария аудандары мен Қызылорда қаласының Құрметті азаматы Ибрагим Әбдібуллаев, ауыл шаруашылығы саласы ардагерлері кеңесінің төрағасы Нұрлыбай Ұлықпаұлы құттықтады.

## 2024 ЖЫЛЫ НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Алдағы жылы Қазақстанда АЕК пен өмір сүру минимумы 7% өседі. Осыған байланысты жәрдемақылар мен бюджетке төленетін төлемдер де артады. «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Занда 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енетін көрсеткіштердің жаңа мөлшері көрсетілген.

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Атап айтсақ, келесі жылы айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) мөлшері 7 пайызға артып, 3450 теңгеден 3692 теңгеге дейін өседі. Сәйкесінше, АЕК арқылы есептелетін төлемдер артады. Мысалы, арнайы мемлекеттік жәрдемақылар, балалық отбасыларға немесе туыстарын жерлеуге арналған материалдық көмек мөлшері ұлғаяды.

Базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 43 407 теңге болады. Қазіргі сомма – 40 567. Осы өзгеріске байланысты кейбір жәрдемақы мөлшері артады. Мысалы, мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша тағайындалатын төлем ұлғаяды.

Зан жобасын әзірлеу барысында ең төменгі жалақыны (ЕТЖ) 2023 жылғы деңгейде қалдыру жоспарланған болатын. Бірақ ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев оны 85 мың теңгеге дейін көтеруді тапсырды. Бұл мөлшер 2024 жылға бекітілген. Нәтижесінде ең төменгі жалақы 21,4 пайызға артады.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 28 215 теңге (өсім 3 874 теңге). Зейнетақының ең төменгі мөлшері – 57 853 теңге (4777 теңгеге өскен).

Бала туғаны үшін берілетін жәрдемақы мөлшері: бірінші, екінші және үшінші бала туғанда – 38 АЕК. 2023 жылы 131 100 теңге болса, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап 140 296 теңге болады. Төртінші және одан да көп балаға – 63 АЕК. 2023 жылы 217 350 теңге болса, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап 232 596 теңге болады.

Айта кетейік, әлеуметтік аударымдарды есептеу деңгейінің шекті шамасы да артады. Сонымен бірге, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша тағайындалған әлеуметтік төлемдер де 7% артуы тиіс.

2-бет



# ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ ХАЛЫҚ ЖАДЫНАН ӨШПЕЙДІ

Сыр елінде 16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздігі күніне және Желтоқсан оқиғасының құрбандарын еске алуға арналған іс-шара өтті.

«Тағзым» алаңына жиналған қауым ұлт болашағы үшін құрбан болған жастарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, зиялы қауым өкілдері қатысып, қарусыз қаһармандар рухына тағзым етті. Азаттық жолында жалындып жанған боздақтар құрметіне Сыр жұртшылығы атынан тағзым гүлі қойылды. Құран бағышталды.

Еске салсақ, 1986 жылы 16 желтоқсанда алаңға шыққан қазақ жастарына жала жабылып, жапа шекті. Олардың қатарында Қызылорда облысынан 150-ден астам азамат болды. Барлығы дерлік оқудан, партия қатарынан шығарылды.

Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңына сәйкес, желтоқсаншылар толық ақталды.



# ДАРИЯ ДЕНГЕЙІ БАҚЫЛАУ БОСАҢСЫМАУЫ ТИІС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қызылорда су торабынан» бастап дария бойын аралап, су деңгейін көрді. Су шаруашылығы, төтенше жағдай салалары мамандарымен кеңесіп, арнайы техникалардың дайындығымен танысты. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.



«Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Зейнұлла Қазтоғанов «Нарын-Сырдария» қаскалындағы су шаруашылығы жағдайы, «Қазушар» РМК Қызылорда филиалы директорының орынбасары Айдос Асанбаев Сырдария өзенімен келуі ықтимал мол суды қабылдау туралы баяндады. Облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Ерлан Бәкіров өңірдегі су тасқынының алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы айтты. «Қазгидромет» РМК облыс бойынша филиалының гидротерологиялық мониторинг бөлімінің басшысы алағай күндерге арналған ауа райы болжамын хабарлады.

Бүгінгі таңда қала және аудан әкімдіктері 364 арнайы техника және 1 102 адам күші бар 116 жауапты мекемені бекітті. «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамымен жасалған келісім-шартқа сәйкес 1 тікұшақ дайындыққа келтірілген. 2024 жылға мұз жартуа және қап алуға облыс бюджетінен 14,8 млн теңге бөлінді. Қала және аудан әкімдіктерінің ресми мәліметтеріне сүйенсек, су тасқынына қарсы пайдаланылатын материалдық-техникалық қорда 117,9 тонна жанар-жағармай және 139 902 дана қап сақтаулы. Сондай-ақ 17710 бау қамыс, 5 865 дана пашын және 2 381 дана қарабура мен т.б. қажетті материалдар қоры жасақталған. Қажет болған жағдайда тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіру үшін 59 жинақтау және 69 қабылдау эвакуациялық пункті дайын.

Аймақ басшысы өзендегі жағдайды күнделікті бақылауда ұстап, тиісті дайындық жұмыстарын қолға алуды тапсырды. Су жағдайын ескеріп, алдағы көктемде егілетін егін көлемін қазірден бастап тиімді жоспарлау қажет.

– Биыл су қоймаларында су көлемі төмендегендіктен, қазірден бастап мүмкіндігінше арналарды тоқтырып алу керек. Өңір шаруаларының негізгі кәсібі болғандықтан және экологиялық жағдайды ескеріп, күрші егістігінің көлемін күрт азайтуға болмайды. Дегенмен, егін алқабын кезең-кезеңімен қысқартып, суды аз қажет ететін дақылдар көлемін ұлғайту керек. Күрші егетін шаруашылықтарға алдын ала ескертіп, бекітілген лимитті сақтау, талаптарды қатаң ұстап, суды үнемдеу технологияларын қолданып шаруа қожалықтарын қолдау маңызды. Ең бастысы, суды әділдікпен үлестіруді тапсырамын, – деді аймақ басшысы.

# ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

– Жаңа терминалдың мүмкіндігін толық пайдаланып, халықаралық және басқа облыс орталықтарына қатынайтын рейстер ашуымыз керек. Әуежай өзін-өзі қамтамасыз етіп қана қоймай, жергілікті бюджетке қаржы түсіруі тиіс. Салалық министрлікпен белсенді жұмыс атқарып, еліміздің қажет болса шетелдік әуе компанияларын тартып, рейс санын көбейту қажет. Бағасы облыс тұрғындарына қолайлы болуы тиіс, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Сонымен қатар облыс басшысы Астана мен Алматы қалаларына рейстерді көбейту керектігін, осы бағытта жұмыс жасауды ескертті.

Ұшақтың қауіпсіз және үздіксіз ұшып-қонуын қамтамасыз ету үшін облыстық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары басқармасына Қызылорда қаласы және Сырдария ауданы әкімдіктерінен бірлесіп, сол маңдағы жер учаскелеріне әзірлеу жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша елді мекендерде жергілікті тұрғындар қорықтары арнайы белгіленген жерге жеткізбей, қоршаған ортаны ластанғаны айтылды. Өңірде биыл ғарыштық мониторинг нәтижесімен 74 стихиялық қорық орны анықталып, тазартылған. Бұл қалдықты арнайы полигондарға жеткізбеу салдарынан

жиналған. Осыған байланысты Қызылорда қаласы мен барлық аудандарда келер жылдың 1 сәуіріне дейін коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасы әзірленіп, бекітілуі керектігі қатаң тапсырылды. Экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкес келмейтін тұрмыстық қалдықтар полигондарын қалпына келтіріп, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік мүмкіндігін қарастыру қажет. Мұнан бөлек, тұрмыстық қалдықтарды уақытылы әкетіп, қалған қалдықтарды қолға алу, медициналық және биологиялық қалдықтарды заңдылыққа сәйкес жоюды қамтамасыз ету міндеттелді.

## БРИФИНГ

# «КЕЛЕШЕК»: 7 МИЛЛИОННАН АСА ҚАРЖЫ ЖИНАЛАДЫ

Алдағы уақытта Қазақстанда жыл сайын түлектерге білім беру гранттарын тағайындау тоқтатылуы мүмкін. Себебі «Келешек» ынтымақты жинақтаушы жүйесі әрбір балаға білім алуға қажетті ақшаны жинауға мүмкіндік бермек. Арнайы есепшотқа мемлекет те, ата-ана да ақша салады. Ал оқуға жетпей қалса, жеңілдетілген несие немесе дифференциалды грант алуға болады. Жаңа жүйе бойынша білімге ақша жинау тәртібі мен есепшотқа қанша қаражат жиналатыны туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Ашық» университетінің бірінші проректоры Абайбек Жүнісов айтты.

## Сb Актілік БИТІМБАЙ, «Сыр бойы»

– Елде бала туу көрсеткішінің көбеюіне байланысты болашақта білім беру жүйесіне түсетін жүктеме едәуір артады. Бүгінде мемлекеттік білім тапсырысы мектеп түлектерінің 40%-дан астамын грантпен қамтуға мүмкіндік береді. Алайда қолданыстағы тәсілдер сәтсіз болса, 2040 жылға қарай бұл көрсеткіш шамамен 15%-дан 5%-ға дейін азайып қалады. Мәселен, облысымызда биыл 180 мыңға жуық бала мектеп

бітірсе, бұл жеке келер жылы болжам бойынша 192 мыңға жетуі ықтимал. Ал 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 300 мыңнан асады деп болжануда. Бұлай дейтініміз, биылдың өзінде бірінші сыныпқа барған бала саны 382 мыңды құрап отыр. Мінеки, осыдан-ақ мемлекет тарапынан балалардың болашағы үшін қыруар қаражат жұмсалып жатқанын деп отырғанын түсінуге болады. Оның үстіне гранттар санын арттыру олардың көбін

жоғары біліммен қамтуға мүмкіндік бермейді. Ал жаңа жоба алдағы болуы мүмкін қиындықтарды еңсеруге көмектесек, – деді ол.

Проректордың айтуынша, жүйе аясында балаға арнайы шот ашылу болады. Оған мемлекет 60 АЕК мөлшерінде (5 жастағы балаларға) білім алуға бастапқы капитал салады. Бұдан әрі оған ата-аналардың ерікті жарналары, 5-7% жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс есебінен қаражат жинақталады. Осылайша айына 1 АЕК (3 450 теңге) мөлшеріндегі ең төменгі жарна салынып отырса, бала 18 жасқа толғанда шотында 3,3 млн теңгеден астам ақша жиналады. Тиісінше, ата-аналардың ерікті жарналары, мысалы, айына 3 АЕК-ке дейін көбейсе, 7 млн теңгеден астам қаражат жинақтау мүмкіндігі болады. Ескертіп жәйт, мұнда халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдаудың қосымша шаралары көзделді, әсіресе, өзгерістер жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған

балаларға қатысты болмақ.

– Жүйеде ақшаның құнсыздануынан қорғау құралдары қарастырылған. Оған қоса «Ұлттық қор» – балаларға бастамасы аясында да қаражат жинақталады. Бұл кейіннен қаражатты бір жерге шоғырландыруға, талдаған ЖОО-ға оқу ақысын төлеуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік гранттарды тағайындау тоқтатыла ма деген мәселеге келсек, оқушылар ҰБТ қорытындысы бойынша үміткер бола алатын мемлекеттік білім беру гранттарын бекіту жүйесі сақталса, «Келешек» жүйесі азаматтарды қолдаудың қосымша тетігі болмақ. Бұл ретте талапкер грантка түскен жағдайда, шотында жинақталған қаражатты тұрғын үй сапты алуға жұмсай алады. Атап айтқанда, жүйені құру аясында барлық жинақтау процесін цифрландыру, толығымен ашықтықты қамтамасыз ету және тиісті модульді екінші деңгейлі банктердің қосымшаларына интеграцияланғаны болады, – деді Абайбек Талғатұлы.

Жаңа жүйеде оқуға жетпей қалған балалардың мәселесі де ескерілген. 18 жасқа толғанда есепшотта білім алуға қажетті ақша жиналмаса, жеңілдетілген несие немесе дифференциалды грант ұсынылады. Жеңілдетілген несиелер 2-3 пайызбен беріледі, дифференциалды гранттар ҰБТ-ның нәтижесіне қарай оқу ақысының 30-100 пайызын жабуға көмектеседі. Сосын «Келешек» ынтымақты жинақтаушы жүйесінде тағы бір механизм болады. Оған сәйкес, есепшот өмірді сақтандыру компаниясы арқылы ашылса, сол шотты ашқан ата-ананың біреуі қайтыс болған жағдайда сақтандыру төлемі беріледі. Оны да білімге жұмсауға мүмкіндік бар.

Қалай десек те, аталған жинақтау жүйесі болса, университеттер талапкер кәсіпкерлеріне қарама-қарсы бағытта жұмыс істейді. Енді автокөлікті сақтандыру бағдарламаларын қабылдау жоспарланады.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап «Ұлттық қор» – балаларға» жобасын іске қосу жоспарланады. Оған сәйкес, барлық балаларға жыл сайын Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50%-ы есептеледі. Балалар 18 жасқа толғанға дейін инвестициялық кіріс мерзімінен бұрын алынбайды.

2024 жылдан бастап Қазақстанда автокөліктерді сақтандыру құны өзгереді. Енді автокөлікті сақтандыру бағасы өңірге қарай бекітіледі. Компаниялар жылына бір мәрте сақтандыру құнын түзетіп отыруға құқылы.

Көліктің жылдамдығын сағатына 10-20 шақырымға асырғаны үшін айыппұл 5 АЕК құрайды. 2023 жылы 17250 теңге болса, келесі жылы 18460 теңге болады.

# 2024 ЖЫЛЫ НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірінші жаңынытқандықтарды қолдану мерзімі аяқталады. Сондай-ақ жалпыға бірдей декларациялаудың III кезеңі енгізіледі. Оның шеңберінде активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылар және дара кәсіпкерлер, сондай-ақ олардың жұбайлары ұсынуға міндетті. Декларация көлемдік экономиканы жоюға бағытталған.

2024 жылдан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары енгізіледі. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын өз қаражаты есебінен 2024-2028 жыл аралығында 1,5%-дан 5%-ға дейін кезең-кезеңімен жұмыскерлерінің пайдасына аудару басталады. Осылайша, зейнеткерлікке шыққан кезде бұл жұмыскерлер қосымша жинақтаушы зейнетақы төлемімен қамтамасыз етіледі.

Жаңадан Премьер-министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев «2024-2026 Мемлекеттік табиғи және орман

жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасын Мәжіліске таныстырды. Үкімет мүшесі халықтың табысын арттыру бағдарламасы аясында азаматтарды жұмыспен қамту үшін 2024 жылға 3,5 трлн теңге көзделіп отырғанын атап өтті.

Оның ішінде 1,5 млн-нан астам жұмыскердің жалақысын көтеруге 2,5 трлн теңге қарастырылған. Өңірлік жұмыспен қамту карталарына 724 млрд теңге көзделген. «Ауыл аманаты» жобасы шеңберінде 100 млрд теңге бөлініп, 18 мыңға жуық жұмыс орнын ашу болжанып отыр. Сонымен қатар мемлекеттік қолдау көрсетуге шамамен 380 млрд теңге көзделген, бұл 11 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

2024 жылы балабақша тәрбиешілерінің жалақысын 30 пайызға көтеру үшін бюджетте 96 миллиард теңге қарастырылған. 242 миллиард теңге ғылымды қаржыландыруға бағытталмақ. Бұл 616 қазақстандық жетекші ғалымның жалақысын арттырады.

жұмыс істейтіндер әлеуметтік төлем алады. Жаңа заң жобасын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әзірледі.

Бұл металлургия, энергетика, тау-кен секторындағы жұмысшыларға қатысты. Төлемі 55 жасқа толғандарға 200 мың теңге көлемінде беріледі. Кеншілердің жалақысы да өсуі мүмкін. Ең төменгі табыс 300-400 мың шамасында болады. Ал бүгінде қауіпті өндіріс орындарында 490 мыңнан астам адам жұмыс істейді.

2024 жылдан бастап Қазақстанда «9-20-25» жаңа ипотекалық бағдарламасы іске қосылады. Жыл сайын 8 мың қазақстандық бұл бағдарламамен баспанаға ие бола алады.

Сыйақы мөлшерлемесі – 9%, бастапқы жарна – 20% және несие мерзімі 25 жылға дейін. Осы шарттар бойынша келесі жылдан бастап тұрғын үйді ипотекаға алуға болады. Іске асыруға 100 млрд теңге бөлінді. Қазақстанда 2024 жылдан бастап мектеп бағдарламалары жаңартылады. Білім министрлігі жалпы

## ДЕПУТАТ МІНБЕРІ



«Ауыл» партиясы атынан сайланған Садық Мұстафаевтың мәслихат сессияларында өзекті мәселелер көтеріп, орнықты ұсыныстар айтып жүргенін білеміз. Әрине, ауыл өмірінде өткір көтерілетін мәселе көп. Сондай-ақ Садық Шонмурұнұлы – спорт саласының көңігі маманы. Депутаттың ой-сарабын сұхбат барысында білген едік.

# ЖАҚСЫ БАСТАМАЛАРДЫҢ ЖЕМІСІ АЛДА

– Ауыл – қазақтың құтты мекені. Оны өзіңіз де жақсы білесіз. Сол ауыл тағдырына келгенде өңірдегі бастамалар қаншалықты көңіліңізден шығады?

– Сырт көз біздің өңірді «Ақ күршітін отаны» деп бағалайды. Жергілікті диқанар ұзақ жылдардан бері осы дақылдың бабын жасап, өнім жинап жүр. Алайда кейінгі жылдары су мәселесі өткір күйте түсті.

Облыс басшылығы тарапынан тиісті іс-шаралардың қолға алынып отырғаны қуантады. Көктем кезінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасы негізінде сала мамандары нақты егін көлемін жоспарлап, оған пайдаланылатын су мөлшеріне байланысты көрініс елдермен Үкімет тарапынан да тиісті жұмыстар жүргізілуде. Кейінгі екі жылда жергілікті диқанар суды үнемді пайдалануға мән бере бастады. Жалпы су ресурстары әлем бойынша өзекті мәселе екенін жақсы білеміз. Мұндай талап біздің өмірімізге де еніп жатқанын ұмытпауымыз тиіс. Сондай-ақ облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, бақша дақылдарын егу үшін арнайы жер дайындалғаны – құптарлық іс. Сол арқылы халық картоп, көкөніс-бақша өнімдерін өсіруге мүмкіндік алып отыр. Демек, ынталы алағам еңбек көзі бар. Бұл, әрине, ауыл тұрғыны үшін маңызды.

Жалпы аймақта аграрлық саланы өркендетуге жағдай бар. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау аз емес. Соған сәйкес елдегілер әрекет етіп, нақты жұмыстар жүргізгені дұрыс деп ойлаймын. Мұның бәрі «Ауыл» партиясының басты назарында.

– Су тапшылығына байланысты күрші егістің көлемін шектеу жөнінде пікірлер бар. Бұған қозғарсаңыз қалай?

– Иә, кейінгі жылдары облыста күршітіну сәуір мәселесі өзекті болып келеді. Бұл мәселеде ауыл және су шаруашылығы саласы мамандарының тұжырымдарына сүйену керек. Шаруалар белгіленген алқапта ғана күрші етіп, соған сай су алуға үйренгені артық емес. Есепке жүріп шығына жол бермес еді. Өзірге бұл мәселе күн тәртібінде тұр. Алдағы уақытта оң шешім табыды деген үміттеміз.

– Өңізің сайланған №12 сайлау округі бойынша тұрғындардың ұсыныс-пікірі қалай ескеріліп отыр?

– Аталған сайлау округі Қызылорда қаласының шеткі аймағында орналасқан. Сайлауалды және одан кейінгі жүзделулер барысында тұрғындар көптеген өтініш-тілегін жеткізді. Мәселен, қаланың шеткі бөлігінде «Светлый канал» деген су жолы бар. Оны «Шанхай», «Эл Фараби» аумағындағы тұрғындар пайдаланады. Мұнда негізінен жер үйлер орналасқан. Десе де көпшілік үшін құрмалы мәселелер бар. Кейбір азаматтар есік алдындағы бау-бақшасына аяқсу жеткізе алмайды. Ал қаланың жағасындағы үйлерде ыза көтеріліп, салдарынан жеміс-жидек құрап кетеді. Тұрғындардың жүзделуі осы мәселелер жиі қозғалады.

Оған байланысты қала әкімімен жүзделіп, оны шешу жолдары талқыланды. Мамандар пікіріне де көңіл бөлім. Біраз жыл бұрын қала орталығындағы «Сарқырма» каналы секілді табанына бетон құйылып, жағасындағы тұрғындар үйіне ыза теппейтін жағдайға келтіру ойластырылды. Сондай-ақ жағасында адамдар серуендейтін демалыс аймағын жасауға да болады. Өкініше орай, бұл аумақта ондай орындар санаулы. Алдағы уақытта шешім табыды деген ойдамын.

– Өңізің ұзақ жылдар бойы облыстық спорт саласында басшылық қызмет атқардыңыз. Депутаттық мінберде оған байланысты қандай мәселелерді көтеріп жүрсіз?

– Рас, еңбек жолым спорт саласымен тікелей байланысты. Сондықтан бұл мәселе менің назарымнан тыс қалған емес. Жалпы қазір бізде білікті бапкерлер тапшы. Сыр өңірі – талай талантты жастарға жол ашқан аймақ. Олардың арасында әлемдік деңгейде топ жарған жігіттер мен қыздар бар. Сол жарасымды үрдісті жалғастыру – әрбірміздің міндетіміз. Оған немқұрайлы қарауға болмайды. Чемпиондарды дайындау шығару – ұзаққа созылатын процесс. Осы арада білікті бапкерлер еңбегін жоққа шығару алмаймыз. Ендеше, оған қатысты тиісті шараларды қолға алып, нақты іс жасалуы қажет деп санаймын.

Сондай-ақ спорт мектептерінің құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі назардан тыс қалмаса деген ұсынысым бар. Расын айтқанда, өңірде бұл жөнінен игілікті істер атқарылып келеді. Сол жұмыстарды жалғастырып, материалдық-техникалық базаны жақсарту тусу қажет.

Оған қоса мына мәселеге назар аударғам депмін. Облыстағы спорт мектептерінің зальында көп жағдайда салқындықты құрылғалы қойылмаған. Әсіресе, жаз мезгілінде өте қиын. Далада аптап ыстық болғанда онда жаттығу жасауға ешбір мүмкіндік жоқ. Ұлттық құрама сапында жүрген кейбір жастардан бастап сол залдарда дайындық жүргізеді. Осы мәселені облыстық мәдениет және спорт басқармасына жеткізген едім. Алдағы уақытта шешім табыды деген сенімдемін.

Пандемия кезінде көптеген әлемдік және республикалық жарыстар өткізілмей қалды. Оған білімділер қаржы үнемделді. Қазір әлемде сан алуан сайыстар бәсекесі қызып тұр. Ендеше, бұрынғыдай спортшылардың жарыстарға баруына арналған ақша мәселесін қайтадан қалпына келтіруіміз қажет. Облыстық мәслихат сессиясында осы тақырыпқа байланысты мәселе көтерілді. Нәтижесінде он шешім тапты. Бұған облыс басшылығы тарапынан ерекше қамқорлық көрсетілді.

Жалпы спортқа және сол жолдағы азаматтардың еңбегіне немқұрайлы қарауға болмайды. Өңір спортшының шеберлігі бәсеке арқылы шыңдалады. Сондықтан спорттың суранысы қанағаттандырылуы қажет деп есептеймін. Қазір облыс басшылығының талабы да, қолдауы да қайбір салада болмасын көрініп тұр. Демек, өңірдегі өзгеше бетбұрысқа байытты ұн қоса білу маңызды.

Өңгімелескен  
Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»

Хәкім Абайдың «Адамның адамшылғы істі бастағанынан біледі, қалай бітіргеннен емес» деген ғибратты тәмсілі ұлы істердің ізашары болған жандарға қарата айтылса қандай жарасымды. Бұл мағыналы сөз «Құмкөлдін» қазығын өз қолымен қаққан, Сыр бойындағы мұнайшылар мектебінің негізін салған Мұрат Саламатовтай азаматтарға арналған сияқты көрінеді. Бүгінде «Құмкөл» мұнай кенішінің тарихы туралы айтылатын әңгіменің әлқиссасы осы кісіден басталады. Тарихты адамдар жасайтынын ескерсек, «Құмкөлдін» құтты қойнауынан алғаш рет «қара алтын» атқылдатқан адамдар еңбегі ешқандай өлшемге сыймайтын ерен еді.



# Саламатов мектебі

«Құмкөлдін» бастауындағы 1985 жылдың 6 маусымында шыққан КСРО Мұнай өндірісі министрлігі бұйрығының көшірмесі – менің жеке архивімінен орын алған құнды құжаттардың бірі. «Қазақ КСР-дегі «Құмкөл» кенішін іске қосу мен пайдалану әзірлік шараларын ұйымдастыру» туралы бұйрықта геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде сол кездегі Жезқазған облысы аумағындағы Арысқұм иінінен жаңа әрі болашағы зор кен орыны табылғаны атап көрсетілген. Қазақ Геология министрлігінің «ЮжКазгеология» бірлестігі жасаған жұмыстардың арқасында қолқатарлы «Құмкөл» кеніші ашылды.

Аталған бұйрықта «Манғышлақ мұнай» бірлестігіне бірлестігіне 1987 жылдың 4-тоқсанында кеніште мұнай өндіруді қамтамасыз ететін кенешті шараларды атқару, 1986 жылдың 1 шілдесінен бастап «Манғышлақ мұнай» бірлестігінің құрамындағы дирекцияның Қызылорда қаласында құру тапсырылған. Тамыздың 1-не деінде барлық құжаттарды әзірлеп, министрлікке жеткізу керек.

Тағы бір құжатты сөйлесем, 1986 жылдың 17 желтоқсанында Қазақстан Компартиясы Қызылорда облыстық комитетінің бірінші хатшысы Е.Уәлихановтің торағалығымен өткен жиында «Құмкөл» кенішін игеруге дайындық мәселесі қаралған. Жиналыс протоколындағы қатысушылардың тізімінде сол кездегі облыс, қала басшылары, «Манғышлақ мұнай» бас директоры А.Дергачев, Қазақ КСР Энергетика министрінің бірінші орынбасары Б.Нұржанов және «Манғышлақ мұнай» бас директорының орынбасары М.Саламатов бар. Бұл – Сыр бойындағы мұнай өндірісінің бастау бұлағында кімдердің тұрғанын айқындайды.

КСРО Мұнай өндірісі министрлігінің 1987 жылдың 24 желтоқсанындағы бұйрығында алағыз жылдан бастап «Манғышлақ мұнай» бірлестігінің «Құмкөл мұнай» мұнай-газ өндіру басқармасын қайта құрылымдау тапсырмасы берілген. «Құмкөл мұнай» аталған кеніште және оған жақын кеніштерде мұнай өндіру, скважиналар салу жүзеге асты. Ал 1991 жылдың 21 наурызында «Оңтүстік мұнайгаз» өндірістік бірлестігін құру жөнінде бұйрық шыққан. Аталған құжаттар Сыр бойындағы мұнай өндірісінің қандай соқпақтардан өткеніне куә. Оған еңбегі сіңген азаматтардың аты-жөні осында катталуы.

Қазақполитехникалық институтын бітірген 1982 жылы жас маман ретінде мені Манғыстауға жіберді. «Манғышлақ мұнайгаз» бірлестігінің комплекстік экспедициясы деген қарашыраққа жұмысқа тұрды. Бұл мекеме соғыстан кейін әбден тұралаған халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін 1957 жылы құрылған. Кейін экономикалық қуаттылықты арттыру үшін жаңадан кеніштер ашыла бастады. Өйткені Таратарстандағы, Грозныйдағы, Башқұрстандағы бұрынғы кеніштердің тиімділігі төмендеді. Бұрығлау жұмыстарының бағыты Сібір жаққа қарай ауыды. Сол бағытпен Манғыстауда, Ақтөбеде, кейін Қызылордада кен орындары ашылды. Одақ кезінде Геология министрлігі Ресейде, Қазақстанда, Өзбекстанда, Украинада болды. Осы ізбен Манғыстауда мұнайшылар дайындалу мектеп қалыптасты.

«Манғыстау мұнайгаз барлаудың» 40-қа жуық кен орын барлап, жер қойнауындағы «қара алтын» жер анықтағаны – таусылмайтын тарих. Осындай ерен еңбегі үшін 3 адам – Қазақ КСР Геология министрі Ш.Есенов, экспедиция басшысы Х.Өзбекалиев, бас геолог В.Токарев Лениндік сыйлыққа, тағы басқа адамдар КСРО Мемлекеттік сыйлығына, Қазақ ССР-

нің Мемлекеттік сыйлығына ие болғанын ел біледі. Мұрат Саламатовпен 1985 жыл Ақтауда кездестім. Алдында «Қызылордадағы «Құмкөл» кенішін игеру басталды» деген хабарды естігенбіз. Кенішті негізінен «Манғышлақ мұнай» өндірістік бірлестігінің мекемелері игеруді екен. Алдымен Манғыстауда шындалған Есқожа Бергенбаев Қызылордаға жұмыс ауыстырды. База жасақталмай, қажетті құрал-жабдықтар жеткізілмей істің алға бағытына белгілі. 1988 жылдың наурызында мұнай-газ өндіру басқармасы құрылып, мен өндіріс бөліміне, У.Уәлибаев бас механик, А.Түрсынбеков «Құмкөл» геологиялық транспорты басқармасының басшылығына, Ж.Жалғасов бас инженер болып жұмысқа келді. Алдында жемінін қазынасына байланысты елге келгеніме Мәкен «Туған жеріне қызмет қылатын уақыт жетті» деген еді. Қолыма кызмет ауыстыру туралы қағазды да ұстапты жіберді. Аудандық партия комитетіндегі жауапты қызметімді тастап, Мәкеннің шақыруын қабыл алдым. Оның үстіне әкейдің қазасынан кейін үйдің үлкені ретінде мойнымда бірталай міндеттерім бар еді.

Өндіріс бөліміндегі жұмысымыз басталды. Бізді құшақ жап қарсы алған жер Мұндағы жағдай белгілі. Үй-құй жоқ, Өуезов көшесіндегі ғимараттың жартылай подвалынан кенсе берді. Мекеме қызметкерлерге үй салуға ақша аударғанын, мұндағы құрылыс мекемелерінің соңна жұмысты атқаруға қатына жетпейді. «Үлкен жол және бірнеше қуаттан басталды» емес пе? Саламатовтың басшылығымен барлық құжаттар сол жердегі кенседе дайындалды. Құжаттарды сауатты етіп жасауды мақсаттың онымен айнылған адамдар ғана біледі. Ол кісінің ой ауқымдылығы, Орталық партия комитетінде, обкомда, мұнай өндіру саласында жинаған тәжірибесі, жұмысқа ынтасы ерекше еді. Құбыр, трансформатор Украинадан, бұрғылау кондирғылары Свердловсктен, тағы басқа керекті құрал-жабдықтар сол кездегі Олалдың әр қиыршынан тасымалданды. Осының бәрін басшылық жасайтын «Союзнефть-комплект» бас басқармасымен тығыз байланыс орнатты.

Саламатов аса өзекті болған кадр мәселесін шешу үшін көп шаруа тындырды. «Құмкөлдін» болашағына сеніп келген мамандарды тұрақтандыру оңай болған жоқ. Ақтаудан арнайы рейспен мамандар әкелінді. Газлиден мұнайшыларды отбасыларымен көшіріп, оларға барлық жағдай жасалды. Қазір Мәкеннің шақыруымен келгендер Қызылордаға сипін, әр салада қызмет атқарып жүр. Бұрын ешқандай өндірісі болмаған аграрлық өңірге үлкен өндірісті, оның үстіне бұрын мүлде бей-мәлім болған тың саланы игеру ерлікпен пара-пар еді. Тыңға түрен салғандай тынымсыз еңбек Мұрат Саламатовтың мұнай саласының бүге-шігесіне дейін білетін біліктілігін, болашақта қандай бағытты қолға алу керектігін алдыбұрын сезетін стратегтігін көрсетті.

Ол кезде кейін Премьер-министр, Мұнай-газ министрі болған Нұрлан Балғымбаев Мәскеуде одақтық Мұнай-газ министрлігінің бас басқармасында жұмыс істейтін Мәкенмен жақсы дос еді, жана кеніштің ашылуындағы қат-қабат тірілікке көп жәрдемді тиді. Дос болудың нағыз үлгісін осы азаматтардан көрдік. Бір-біріне ағалы-інлі бауырлардай ілтипат танытатын. 1990 жылдың 9 мамырында «Құмкөл» бірінші рет мұнай берді. Үш жылдың ішінде Саламатовтың Манғыстаудағы басқармалармен, Алматы, Мәскеудегі министрліктермен байланысып, қажетті құрал-жабдықтар алдырды. Жезқазғаннан электр желісі,

Қызылордадан тас жол, «Құмкөл-Қарақайын» мұнай айдау құбыры салынды. 1991 жылы жазда алғашқы миллион тонна мұнай алғанымызда Қызылордаға КСРО Мұнай-газ министрі Л.Филимонов келді. Бұл – Қызылорданың жану тарихының жарқын беті.

Сол жылы тек «Құмкөл» ғана емес, басқа да кеніштерді игеру, жаңадан мұнай-газ кен орындарын барлау жөнінде Қазақстан Министрлер кеңесі арнайы қаулы қабылдады. Соның негізінде «Сыр-Дария мұнай-газ» экспедициясы құрылып, мен оның бас инженері болып тағайындалдым. Жергілікті мамандар «Ашысай», «Оңтүстік Ақшабұлақ», «Виновоцкий» деген кеніштерді ашты. Мұрат Саламатовтың іскерлігі мен ыждағаттылығы құлазыған қу даланы өндірістік, тұрмыстық базасы жасалған, әлеуметтік құрылыстары сақалдай сай орына айналдырды.

Мұнай алу үшін ең бірінші ұңғымаларды көбейту керек болды. Мәкен бүкіл бұрғылау жұмыстарын ұйымдастыруда өте ауқымды жұмыс жасады. «Құмкөл» экспедициясын құрды. О баста «Жетібай бұрғылау» басқармасына бағынатын еді. Кейін өз аяғынан тік тұрған мекемеге айналды. Бұл жерден еліміздің мұнай өндірісіне сүбелі үлес қосқан айтулы мамандар тәрбиеленіп шықты.

Саламатов алғашқы бірлескен кәсіпорындарды құруда көп еңбек қызырды, шетелдік әріптестермен интеграцияға жете мән берді. Бұл жана кәсіпорындардың, бүгінгі «Торғай Петролеум» мен «Қаз-Германия» құрылуына, жана жұмыс орындарының ашылуына сеп болды. «Құмкөlden» басталған жол қазір халықаралық деңгейге жетті.

Мәкен көнілі өскен сәттерде «Жас дәурен», «Екі жерен», «Теміртас» әндерін әулетте шырқап, «Жұмыста аса талашып, қандай тапсырманы болсын таптырғандай орындағанын қалағандай адалынан талғам бигіне жайлаушы адамның қартайған едік. Жан дүниесі бай адамдар ғана осындай әлемі әндерге, жан-жағындағы жинақалыққа, табиғи жарасымдылыққа әуес болады екен.

Адамның еңбегі атақ-режеке-сімен емес, артында қалдырған ізімен бағаланады емес пе? Мәкеннің ғұмыры қамшы сабындай тым келте болды. Еткен еңбегінің зейнетін көрер шағында дүниеден өтті. Бірақ, еңбегін бағалаған халқының құрметіне бөленді. Ол «Құмкөлдін» негізін қалау құрметі, оның құтқазынасын адамдарға ашып бергені сөзінің тигені үшін өзін бақытты сезініп, тағдырына ризашылығын білдіретін. Қызылордада өткізген жылдарын кәсіби және адамгершілік сынақ кезеңі, өзін-өзі таныған уақыты деп бағалайтын.

Жылнамалардан өтіп бара жатқан жылда Сыр өңірі халқы, мұнайшы қауымы Мұрат Ғазизұлының туғанына 80 жыл толуын түрлі шаралармен атап өтті. Манайын ізгілік шуағына бөлеп, мейірім-шапағатымен толтырып жүретін жаңды барша әріптестері мен оны танып білген адамдар еске алды. Жасының мәңгілік жасайтын сәтін жас ұрпаққа ұйу еткен шараларда Саламатов есімі атаусыз қалмайды.

Қазір Қызылорда қаласында бір көше ардақты азаматтың атымен аталады. Кезінде бұл көшеде Саламатов бастаған мұнайшылардың алғашқы қоныстары орналасқан еді. «Құмкөlden» мүсіні бой көтерді. Бұл ұлағатты ұйымдастырушы, іскер басшы, өз мектебін қалыптастырған білікті маман Мұрат Саламатовтың екінші мағналы ғұмыры басталғанын білдірсе керек.

**Ғалым БАЙМАНОВ,**  
инженер-мұнайшы

Осыдан 37 жыл бұрын солақай саясатқа қарсы шыққан өр рухты қазақ жастары бүгінде аға буынға айналды. Олар еліміздің әр аймағында жемісті еңбек етіп жүр. Соның бірі – Қоянбай Молдашұлы Қозбақов. 1964 жылы Арал ауданы Аққеспе ауылында туған. Қазіргі уақытта «Integra Construction KZ» ЖШС теміржол құрылысы «Мойынты-Достық» екінші теміржол құрылысын салу мекемесінде бас маман қызметін атқаруда.

**СБ БИБОЛАТ СӨТЖАН,**  
«Сыр бойы»

Қоянбай Қозбақов – ызғарлы желтоқсандағы көтерілістің нақ ортасында болып, артынан жазалауға ұшыраған азамат. Сол оқиғаның белді қатысушысы кеңестік билікке қарсы ұрпақтан ұрпаққа келе жатқан іштегі наз, өкпе, жастарды көтеріп, алаңға алып шыққанын айтады.

Осы бас көтеруден кейін басқа да автономияларда дүмпулер болып, ақыры соңында КСРО-ның қабырғасының сөгілуіне алып келді. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші болған жастардың көп бөлігі ауылдық жерлерден келген еді. Олар ата-бабадан келе жатқан жанайқайды алаңда жеткізіп, тек солақай саясаттың дұрыс жүргізілуіне назар аудартқысы келді. Қоянбай да сол жастардың қатарында болатын.

– Мен 1985 жылы Кеңес әскері қатарында әскери борышымды өтеп, сол жазда Алматы теміржол инженерлерін дайындайтын институтқа оқуға түстім. Оқу үлгерімім жақсы, белсенді болдым. Оқудан тыс институтта қазақ көрменерілаудар ұйымын басқарып, қазақ әндері мен күйлерін орындап, байқаулардан жүлде алып жүрдім, – дейді ол.

Тарихқа кері шегінсек, 1986 жылдың желтоқсанында қазақ жастары КСРО-ның отаршыл, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы жаппай наразылық танытып, Алматыдағы Л.Брежнев атына берілген, қазіргі Республика алаңына шықты. Бұл көтеріліске негіз болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1-хатшылығына ешкіме есімі белгісіз болған Колонбиннің келуі еді. Алаңға жиылған жастардың саяси талап-тілектері аяқасты болып, «бұзақыларды» басу үшін КСРО Ішкі істер министрлігі бұйрығымен «Бұрқасын-86» операциясы ұйымдастырылып, 20 мыңнан аса желтоқсаншы аса қатысқан басып-жаншылды. Желтоқсан көтерілісіне Кеңестер одағы Ком-



# 37 Жылдан соң АҚТАЛҒАН ЖЕЛТОҚСАНШЫ

мунистік Партиясы Орталық Комитетінің қаулысымен «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деген баға беріліп, көтеріліске қатысқан азаматтар қуғын-сүргінге ұшырады.

– 1986 жылдың 16 желтоқсанындағы жоғарыдағылардың Қонаевты орынан түсірген шешімі жанайын деп тұрған отқа сірікке тастап жібергендей болды, – дейді желтоқсаншы. – Расында да, неге бір ұлтты сырттан келгендер билеп, жерін меншіктеуге керек? Кеңес одағының отарлау саясатына енді көнбейміз, қазақ халқының өз көссімі болуы керек. Бұған жол жоқ, Горбачев долайы деген ұран-діп айтылып жатты. Студент жастар сабақтарына бармай, алаңға жиналды. Солардың арасында мен де болдым.

Биыл желтоқсан оқиғасына 37 жыл толып отыр. Бұл көп уақыт емес. Оқиға күзегі өткен күндер елесі тағы бір жантырғанын айтады.

– Сол күні жастар алаңнан

кетпей тұрып алдық. Мақсатымыз бір ғана – Кеңес одағы Орталық комитетінің шешімін заңсыз деп тану. Қазақ КСР бірінші хатшысы Д.Қонаевты орына қайта тағайындау. Болмаса елде тұратын қазақ ұлтынан бірінші хатшы тағайындалсын делдік. Сол кездегі үкімет біздің даусымызды тыңдамады. Бізге арнайы жазалау отрядтарын



## 22 ЖЕЛТОҚСАН – АРХИВШІЛЕР КҮНІ АРХИВШІЛЕР БАЙҚАУЫ

Биыл Қызылорда облысы мемлекеттік архивінің құрылғанына – 90 жыл, ал «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылданғанына – 25 жыл.

Осы орайда 22 желтоқсан – Архившілер күні қарсаңында облыстық мемлекеттік архивтің ұйымдастыруымен мамандықтың мәртебесін көтеру, кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында «Үздік архивші» облыстық байқауы өткізілді. Байқауға облыстық, қалалық және аудандық архив филиалдарынан 11 маман қатысты. Іс-шараны облыстық мемлекеттік архив басшысы Ж.Абзалова ашып, сала мамандарын кәсіби мерекем құттықтап, байқауға қатысушыларға сәттілік тіледі. Ал облыстық мәдениет және спорт басқармасының архив және құжаттама бөлімінің басшысы Н.Өзбаева өңірдің тарихын жинақтап, сақтап, өткенді бүгінмен, бүгінді ертемен сабақтастыра еңбек етіп жүрген мамандар мәртебесін көтеруде осындай игі шаралардың маңызы зор екендігін атап өтті.

Сала ардагері Р.Ғамаметов ел игілігінде құндылықтарды көздің қаршығасындай сақтап, қала жетпес асыл мұра – құнды құжаттарды болашақ ұрпаққа қаз-қалпында жеткізудегі архившілердің табынды әрі тиянақты еңбегіне тоқталып, әріптестерін мерекемен құттықтады. Байқау 4 кезең бойынша өтті. Қатысушылар сәлемдесу кезеңінде өздерін таныстыра, одан кейін архив саласына қатысты заңнамалар, жұмыс нормативтері мен регламенті бойынша тест тапсырмасын орындады. Ал «Мамандығым – мақтанымым» тақырыбы аясында архив жұмысына қатысты бейнероликті назарға ұсынып, «Үйге берілген тапсырма» сайысы бойынша өз өнерлерін ортаға салды. Байқау нәтижесі бойынша бас жүлдені Қармақшы аудандық архиві филиалының ІІ санатты архившісі Н.Аяғанов, І орынды Қызылорда облысының мемлекеттік архивінің ІІ санатты географы А.Әліасқарова, ІІ орынды қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының ІІ санатты архившісі Ә.Басанова, ІІІ орынды облыстық архивтің ІІ санатты архившісі Ш.Төлегенова иеленді. Өзге қатысушылар «Ең үздік таныстырылым», «Креативті», «Ізденімпаз» номинацияларымен және алғыс хаттармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Іс-шара барысында қатысушылар «Қызылорда облысы – 85 жыл», «Архив – ұлттық құндылықтар қазынасы» тақырыбындағы тарихи-құжаттық көрмелерге экскурсия жасады.

«СБ» ақпарат

## Қызылорда қаласының тұрғындарының назарына!

Құрметті қызылордалықтар! Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Әскери-техникалық мектебін» Алматы филиалы базасында өтеусіз негізде мерзімді әскери қызмет өткермеген азаматтарды оқуға шақырамыз.

ІІ сынып бітірген азаматтарды «ВСІС» санаттағы әскери жүргізушілерді даярлау бойынша оқуға шақырамыз. Әрбір азамат оқу кезінде дәлілдік қим-кешекпен, үш рет тамақтандырумен қамтамасыз етіледі. Бітіргеннен кейін мерзімді әскери қызметке міндетті түрде жіберіледі. Сонымен қатар әскери борышын өтеп болғаннан кейін мамандығымен

келісім-шарт бойынша әскери қызметке орналасуға мүмкінділігі, әсіресе Қызылорда қаласы маңындағы әскери бөлімдерге орналасуға болатынын жеткіземіз.

Денсаулық жағдайы бойынша жарамды, бойы 170 см төмен емес; Жасы он сегіз жасқа толған және жиырма екі жасқа дейінгі аралығы бойынша әскерге шақырылушылар; Қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған; Оқу мерзімі: үш ай. Ннет білдірген азаматтар төмендегі мекен-жай бойынша, Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасына Шүкіров көшесі 101 А үй, № 127 кабинет, 24-50-22 телефоны арқылы хабарласуларыңызға болады.

Қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасы (военкомат)

## Облыстық қоғамдық даму басқармасы және «Сыр медиа» ЖШС ұжымы «Сыр дидары» газетінің, «Сыр құтқарушысы» журналының шығарушы редакторы, қаламгер Ағыбай Орынбаевқа қарындасы

**Айгүл Төлебайқызын** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

\*\*\*  
Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаменті ұжымы «Сыр дидары» газетінің, «Сыр құтқарушысы» журналының шығарушы редакторы, қаламгер Ағыбай Орынбаевқа қарындасы **Айгүл Төлебайқызын** мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



# Өнер – тектің тірегі

Мән мен мағына жоғалған кезеңде бекзат өнерден жол көру, ой тую қоғамның адаспауының әдісі болса керек. Осы мақсатты мұрат тұтқан болар, облыстағы Жастар театры тағылымды бастаманы жүзеге асырып, Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай этно-ретро концерт ұйымдастырды. А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде ұлт мақтанышы туралы қойылым өтіп, 1936 жылы Мәскеу төріндегі қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігі турасында сыр шертті.

### Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Бұл концертте жүз жасаған Жамбыл, күміс көмей Күләш, сазды әуенімен сайын даланы тербеткен Нартай, мың бұралған Шара, сатираның сардары Асқар және күй анасы Дина секілді қазақ өнерінің талантты тұлғаларының болмысы бүгінгі буымен қайта қауымшанды болды. 87 жылдан кейін Қызылордада қайта сахналанған қойылымда Темір нарком Жүргенов, сол шақтағы Одақ көсемі Сталин образдары көрермен көңілінен шықты. Әсіресе, онкүндікті жоғары деңгейде ұйымдастырған ұлт мақтанышы Темірбек Жүргеновтің образы терең ізденістен туындағаны байқалып-ақ тұр. Әдебиет көрермен де, сала басшылары да қойылым деңгейіне оң баға берген. Салтанатты іс-шарада облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова Жастар театры жаңа белесімен құттықтап, алдағы уақытта үлкен қолдаулар жасалатынын айтса, Т.Жүргенов қорының төрағасы Сәпен Аңсар өнер жұртының кезекті қойылымына сөз тілек тіледі. Атап айтарлығы сол, ретро қойылымда сахнамен қатар, көрермен залы да ерекше бөздендірілген. Мұны көрген жұртшылық өткен ғасырға сапар шеккендей әсерде болды. Қойылым-концерт барысында ұлт мақтанышы, жерлесіміз Темірбек Жүргеновтің қайраткерлігінің арқасында жүзеге асқан ерекше сапарда бірге болғандай әсер алдық.

Бұл Жастар театрының жаңа биіктерге құлаш ұруының, шығармашылық әлеуетінің, артистердің деңгейінің өскендігін білдірсе керек. Тәуелсіздік үшін күресіп, ұлттың үкілі үмітін аялаған тұлғаларымыздың еңбегін ұлықтайтын осынау тағылымды шараның Тәуелсіздік күні қарсаңында өтуі де өте жарасымды болғандай. Театр жұмысынан бөлек шағардың қоғамдық өміріне, қала көлемінде өткізілген барлық мәдени шараларға қатысып, жоғары деңгейде өтуіне өз үлесін қосып келе жатқан өнер ұжымына қашанда алғысым шексіз. Аймақ басшысының қолдауымен қалалық Жастар театры жақын күндері өз алдына еншісін алып, Теміржолшылар клубы ғимаратына орналасады, – деді қалалық мәліхат төрағасы Ибадулла Құттықожаев.

Жастардың жалынды бастамасы қашанда қолдауға лайық. Көрермен шығармашылық әлеуетті ыстық ықыласпен өлшеме, қоғам белсенділері мен ел ағалары қолда бармен демеуге кіріскені байқалады. Мысалы, кеш соңында Т.Жүргенов қорының төрағасы, еңбек ардагері Сәпен Аңсар қор атынан керегесі кеңейген өнер ұжымына 500 мың теңге сыйақы табыстады. Оған қоса театрдың көркемдік жетекшісі, режиссер-сценарист Оңталап Нұрмахановқа шапана жауып, ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, ерекше қойылымды сахналаған Жастар театрының артистеріне қала әкімінің ықылас гүлі тарту етілді.

Осыдан 7 жыл бұрын қалалық мәдениет бөлімі жанынан үйірме ретінде жұмысын бастаған Жастар театры бүгінде іргелі мекемеге айналды. Талантты буын өнер жанапшыры Оңталап Нұрмахановтың қанатының астында жетіліп, жетекшілігімен біршама белесті бағындырып үлгерген. Енді аймақ басшысының қолдауымен өз алдына енші алып, кәсіби театр болып қайта ашыламын. Нақтырақ айтсақ, талантты жастардың басын қосқан өнер ұжымы келер жылдан бастап ресми түрде жұмысын бастайды.

Өнерге де қолдау керектігін түсінікті. Облыс әкімі театрға мүмкіндік беріп, жаңа белеске шығуға жағдай туғызуға. Жаңа мекемеде 32 маман қызмет атқармақ. Қазір актерлік құрам қайта жасалып, шығармашылық ізденіске кірісті. Сәтін салса, өнер ұжымы «Король Лир», «Томирис» секілді тарихи туындыларды сахналауды жоспарлап отыр.

### ТЕАТР

## БАЛАЛАРҒА РУХАНИ БАЗАРЛЫҚ

Н.Бекежанов атындағы облыстық академиялық музыкалық драма театрында балаларға арналған қойылымдардың премьералары басталды.

### Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзада» қойылымы кеше жас көрерменге ұсынылды. Онда ұшқыш шөл далада апатқа ұшырап, кішкентай ханзаданы кездестіреді. Ол кім? Жұмбақ... Ол шынымен басқа планетадан келді ме? Оның әңгімесі аңғал, бірақ әсерлі болып көрінеді. Кішкентай ханзадада ересек адамдарда бола бермейтін даналық бар. Өйткені, барлық ересектер алғашында бала болған, бірақ олардың көбі оны есіне ала қоймайды. Спектакльдің режиссері М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрының бас режиссері Бекпулат Парманов, суретшісі Әсия Құрманәлі, композиторы Еміл Әмір, орыс тілінен аударған Ұлбосын Қылышбаева.

Сонымен қатар, 25 желтоқсан күні И.Мичигидің «Арыстан патша» балалар қойылымының премьерасы өтеді. Африканы мекендеген арыстандар прайдында, Муфаса мен Сарабидің Симба атты ұлы дүниеге келеді, Муфаса прайдың патшасы ретінде Симбаны өзінің мұрагері етеді. Прайд мекендеушілерінің қуанышына қарамастан, Муфасының туған інісі Шрам бұған қапалы болып, іштарығы мен арам пияғын дереу іске асырмақшы болады. Муфасын тақтан құлатып, Симбаны мәңгілікке прайдтан қуып жіберуге тырысқан ол ақыр аяғы тақты өз қолына алады. Билікке деген құштарлық, өзара келіспеушілік, сатқындық пен достық, махаббат, әсем әннің әуезімен «Арыстан патша» қойылымында өрбиді. Спектакльдің режиссері Санат Жүзбай, режиссердің ассистенті Әзілшолпа Әзімтай, аударған Саламат Өтешов, суретшісі Нұрхат Иманғалиев. Музыкасын жазған Нұрсұлтан Төреәлі. Костюм дизайнері Камила Дауылбаева. Алдағы жаңа маусымда театр ұжымын жаңа қойылымдар сахнаға, жаңа жобаларды іске асыру жұмыстары күтіп тұр.

## ҰЛТПЕН ҚАТАР ЖАСАЙТЫН ҚҰНДЫЛЫҚ

Тәуелсіздік күні қарсаңында облыстық мәдениет және спорт басқармасы және облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында ҚР Қолөнершілер одағының мүшесі Айдана Әлайдарованың шығармашылығына арналған «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі» атты көрменің ашылу рәсімі өтті.

### Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

Көрмеге облыстық тарихи-өлкетану музейінің басшысы Сапар Көзейбаев қатысып, облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының алғыс хатын табыстады. – Айдана Әлайдарқызының ұлттық қолөнерді дамытуда еңбегі зор. Әр туындысының астарында еселі еңбек, терең ізденіс жатыр. Көрменің мақсаты – ұлттық қолөнерді ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету, өнер иесінің шығармашылығын насихаттау. Автордың этностильдегі «Алшы асық» сән үлгісіндегі топтамалары мен бас киімдер, қалыңдыр, паннолар дейін жалғасын табады, – деді Сапар Көзейбаев. Қолөнерші Айдана Әлайдарқызы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Дизайн және технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі. Бірнеше оқу құралдарының авторы. Шәкірттерін қазақтың сондық қолданбалы өнеріне баулып жүрген ұлағатты ұстаз. Халықаралық және республикалық көрме-байқаулардың қатысушысы.

Шара аясында «Дәстүрлі өнер және этнопедагогика» республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналының тұсаукесер рәсімі өтті. Көрмеге зиялы қауым өкілдері, ардагерлер және суретшілер мен қолөнер шеберлері қатысты. – Қолөнер – кәсіпкерлік құндылық. Адам сол арқылы рухани қуат алып, әлемдік өнер шыңына қанат қағады. «Өнер жемісі – өмірге азық» деген халық нақылы бар. Жас ұрпаққа қолөнер арқылы берілген тәлім-тәрбие – салт-дәстүрдің сарқылмас кеніші. Ұлттық құндылық – ұлтпен қатар жасайтын мұра. Оны насихаттау, келешекке жеткізу – біздің міндетіміз, – деді Қазақстан Қолөнершілер одағы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Жақыпов. Кеш қорытындысында қатысушылар тарихи жәдігерлерді көрді.



## ҚЫЛҚАН ЖАПЫРАҚТЫ АҒАШТАРДЫ ҚОРҒАУ

Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы Жаңа жыл қарсаңында шырша ағаштарының жас таңдарын қорғау, сақтау және заңсыз әкелу, әкелудің жолын кесу мақсатында төмендегі жайларды ескертті. ҚР ӘЖТМ Орман және жануарлар дүниесі комитетінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 27-4/263-НҚ бұйрығымен жаңажылдық шыршалар дайындау және бұтақтардан құрама шыршалар дайындау, комитеттің 2023 жылға облыстар бойынша бекітілген орманды күтіп-баптау және басқа да кесулер есебінен сүрек дайындау көлеміне сәйкес және мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуге жаңажылдық шыршаларды босату комитетінің рұқсатымен облыс әкімдіктерінің тапсырыстарына сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар, комитет бұйрығына сәйкес, жекелеген тұрғындар үшін тек ғана құрама шыршалар мен контейнерлердегі тірі шыршалар сатылатын болып белгіленген. Осыған орай, тұрғындар жаңажылдық шыршаларды, қылқан жапырақты ағаштардың бұтақтарынан жасалған және арнайы ылдыстарда қолдан өсірілген шыршаларды сатып алуына болады. Жаңажылдық шыршаларды облыс көлеміне әкелу, әкету және сатып алу деректеріне куә болған жағдайда, Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының 23-19-61 телефонына хабарласуларыңызды сұраймыз. Облыс көлемінде жаңажылдық табиғи шыршаларды комитеттің рұқсатынсыз, заңсыз тасымалдаған жағдайда ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жауаптылыққа тартылатын болады.

Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы



## «Лайк» немесе лайық...

Бұрын «о дүние», «бү дүние» деген сипаттағы сөздер болса, қазір оған «ә дүние» қосылды, «әлеуметтік желі» деген. Бұл жерде де қайнап жатқан өмір... Қуаныш пен қайғы қатар өріліп, біреудің бағы аспандап, қошеметке бөленсе, енді бірі қарша бораған сынның астында қалып жатқаны.

### Ғазиза ӨБІЛДА, «Сыр бойы»

Ал тағы бір қызығы, осы әлеуметтік желіде жазған «дүние» қанша «лайк» басылса, сенің бағаң сонымен өлшенеді. Оның ішінде «супер» деп бағаласа, тіпті жүздік айнала жөнелесің. Сонан соң «лайк» басқан адамның салмағы да үлкен рол ойнайды. «Лайк» қуамын деп «қайып» ауруына шалдыққандар да жетеді. Жаксы, сол «лайк» құрғырды ешкімнен қызғанбайсың ғой, алайда көбіне ашық-ашық суреттерге, мән-мағынасыз, дарақы көріністерге, сонан соң «асып кетті, атып кетті...» деген сияқты жанұрыгерлік бейне-жазбаларға «лайк» жауып кететіні өкінішті. Демек, оған сонша адам қызығушылық танытып деген сөз. «Алып-ай, адамдардың жүрегі қатайып кеткен бе?» деп қынжыласың. Жасыратыны жоқ, қаралым (просмотр, рейтинг) санан қуған кейбір сайттар да осындай жазбаларды жариялап, өз абайырына нұқсан келтіріп жатқанын біле бермейді. Мына заманда абай-ройдан гөрі ақша маңыздырақ шығар, бәлкім, кім білсін... Ал керісінше, мәнді, мағыналы, тағалымы бар жазбалар көбіне назардан тыс қала береді. Неге екенің?

Айтпағыма қошеуім, бір күні біздің бір әріптес інішек «Бауыржан ағам «лайк» ба?» деп төбесі көкке екі елі жетпей жүр. Қош, қуанышына ортақтасып жатырмыз. Қай Бауыржан дейсіз бе? Біздің жақтық, яғни, Сырдың тумасы, әлеуметтік желіге екі-ақ ауыз сөз естелік жазып, елді елітіп өкететін академик Бауыржан Омаров! Иә, шыншынды Бауыржан ағаларымыздың атынан ат үркітін адамдардың «лайк» басқанын бей-жай қабылдай алмайсың. «Ойпырмай, шын ба?» деп өз көзіне сенбей, қайтадан қарап барып, көз жеткізесің. Сосын әліт жазбаңды бастан-аяқ оқып шығасың, «қате жоқ па?» деп.

Қазақтың белгілі ақындары Байбота Қошым-Ноғай, Ғалым Жайлыбай, Бауыржан Жақып, Қасымхан Бегманов ағалар, Қатирә Жәленова, Айсулу Рүстемова, Елеңа Әбдіхалықова сынды апарларым (Сырдың ақын қыздары), сондай-ақ, Руслан Рүстемұлы сынды әдебиетті терең түсінетін кісілер сия-жесі келпеген өлеңдеріме «лайк» басқанда кезекті емтиханнан сүрінбей өткендей қуанып қаламын. Алдындағы асқар таудай ағалардың, талантты ерек, табиғаты бөлек жандардың берген бағасы бір жағынан шабыттыңды қамшылай түссе, екінші жағынан мойныңдағы жауапкершілік жүгін де еселейтін сияқты.

Айтпақшы, осы әлеуметтік желіге салған бір оймақтай ойма жоғары лауазымды, алғінде айтқандай, салмағы басым, сыйлы кісі «лайк» басыпты. Шыншынды айтса, қуанып қалдым. Сондай кісілермен ойманың орайла-сып жатқаны көңіліме дем бергендей.

Жалпы достығыңдағы жүзден жандар жазбаларыма, өлеңдеріме оң пікірлерін білдіріп отырады. Олардың орны өзіне бір бөлек. Өйткені олар – етене араласып кеткен достар. Тіпті олардың арасында туыстай жақын болып кеткен жандар да бар. Әлбетте, өз тарапымын да көңілім жеткенше қолтап, қолдау көрсетуден аянып қалмаймын. Иә, айтпағым көп, әйтсе де сөзімді осылай қысқа қайырағым жан болар. Өйткені қазір ұзақ жазбаны ешкім оқылмайды.

Газетіміздің келесі саны 23 желтоқсан, сенбі күні шығады.



Меншік иесі  
СЫР МЕДИА  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Аманжол ОҢАРБАЕВ  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
БАС РЕДАКТОР  
Қуат ШАРАБИДИНОВ  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)  
Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.